



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

қосылуға мүмкіндік беретін реформалық өзгерістерді өрістетуге арналған асқаралы асуларды бағындырудың жоспарымен егжей-тегжейлі танысып шыққанымызда, шындығын айтқанда, келешегімізге деген сенім одан сайын өсе түсті. Жаһандану үдерісі бір жағынан экономикалық сын-қатерлерге ұшыратпай қоймауына байланысты оның алдын алуға, болдырмауға ұмтылумен бірге дамуды жеделдету өмір талабы екендігі даусыз. Сол себепті бәрі екшеліп, тұжырымдалған «100 нақты қадам» жөніндегі стратегиялық бағдарламаны айқын мақсаттың үлкен белгісі деп түсінемін. Әрине, оған жету оңай іс емес болмағанымен бұған дейін де Елбасының бастамаларына жұдырықтай жұмылып, көптеген міндеттерді шешудегі белсенділік бұл жолы да алға тартары анық. Аталған жоспарды зерделеу барысында 86 және 87 қадамдардағы өзекті мәселелер мен талаптар орынды көрінді. Оның назар аударту себебі, өзімнің негізгі мамандығым туризм болғандықтан және еліміздегі туризм саласы жеткілікті түрде әлі де болса өз даму сатысына жетпеген, дегенмен оны дамытуға зор мүмкіншілігіміз бар бола, оны жүзеге асыра алмай отырғанымыз. Ал, біз барда, яғни жастар барда Қазақстан туризмі артта қалмайды.

Болашақта туристік бизнесті дамыту қазақ елінің алтын әріптерімен жазылатын және әлемдік туристік орталық болатынына кәміл сенеміз. Ұмытылмас шежіресі әрбір жеке адамның тарихынан құралады демекші, біз де бұл жоба арқылы туризмнің тарихи сахнасында маңызды орын алатынымызға күмәніміз жоқ. Ендеше, Қазақстанның белестері мен жеңістері ел тұрғындарының өлшеусіз еңбегінің жемісі екендігін шын жүрекпен сезініп, еліміздің дамуына ықпал ету - біздің қолымызда екенін түсіну керек!

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. О.Ж.Устенова «Туризм» оқулығы, 2012
2. А.Б.Косолапов «Технология и организация туроператорской и турагентской деятельности» оқулығы
3. <http://italia-ru.com/page/veloturizm-italii>
4. [https://www.google.com/maps/d/viewer?mid=1fhhqUII6CinNFYJM1hYZzy6Lk&hl=en\\_US](https://www.google.com/maps/d/viewer?mid=1fhhqUII6CinNFYJM1hYZzy6Lk&hl=en_US)
5. <http://namillion.com/proizvodstvo-lyumobetona.html>

УДК 911.6

### АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Салкен Данияр Буранбайұлы

[salken.daniyar@mail.ru](mailto:salken.daniyar@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Туризм кафедрасы

Туризм мамандағы студенті

Ғылыми жетекші: Ағыбетова Р.Е.

*Аннотация: ұсынылған жұмыста туристік-рекреациялық әлеуеттің теориялық аспектілері қарастырылып, аймақтың туристік-рекреациялық әлеуетін кешенді бағалауға бағытталған әдістеме әзірленді. Аймақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалауда қолданылатын факторлар қарастырылған.*

*Кілт сөздер: туристік-рекреациялық әлеует, туристік-рекреациялық ресурс, туризм, рекреация, кешенді бағалау*

Қазіргі уақытта туризм әлемнің көптеген елдеріндегі экономиканың серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады және дамудың жоғары қарқыны есебінен, әсіресе дағдарыстан кейінгі кезеңде, халық шаруашылығының басқа секторларына ынталандырушы әсер етеді. Туризм ұлттық экономиканың жекелеген саласы ретінде қоғамның әлеуметтік және экономикалық өміріне қатты әсер етеді. Сол себепті көптеген шетелдік және отандық ғалымдар оны «XXI ғасыр феномены» деп есептейді [1].

Сонымен қатар, туризмнің қарқынды дамуына байланысты соңғы жылдары «туристік-рекреациялық әлеует» термині жиі кездесуде. Туризм мамандарында бұл термин жайлы түсінік қалыптастыру үшін терминнің нақты анықтамасын айқындау қажеттілігі туып отыр. Әр түрлі авторлар өз анықтамаларын ұсынғанмен бұл ұғымның нақты, танымал және жалпы қабылданған кәсіби түсіндірмелері қабылданбаған. Энциклопедиялық сөздіктерде «әлеует» (лат. potential-күш) термині «белгілі бір мәселелерді шешу үшін қолданылатын құралдар, мүмкіндіктер, қорлар» - дегенді білдіреді. Бұл туризм негізіне де келетін жалпы, әрі әмбебап ұғым [2].

Бұл ұғымның мазмұнын:

- әлеуеті сипатталатын объект бойынша;
- белгілі бір міндеттерді шешу үшін қолданылатын әлеуетіне байланысты нақтылау қажет.

«Туристік-рекреациялық әлеует» анықтамасы бойынша көптеген көзқарастар бар, бірақ олардың барлығы жекелеген туристік әлеует және рекреациялық әлеует түсініктеріне негізделеді.

«Рекреациялық география» еңбегінің авторы Д.В. Николаенконың ойы бойынша: «Рекреациялық әлеует – белгілі бір аумақта рекреациялық қызметті ұйымдастыру үшін табиғи және әлеуметтік-мәдени алғышарттардың үйлесуі»[3].

Осылайша, көптеген ғалымдар туристік-рекреациялық қызметтің алғышарты болатын туристік-рекреациялық ресурстар ретінде табиғи-климаттық, тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық объектілерді және құбылыстарды түсінеді.

Туристік-рекреациялық ресурстар туристердің әр түрлі қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыра алатын табиғи және әлеуметтік жағдайлармен анықталған туристік өнімдердің өндірісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Экономикалық тұрғыдан қарағанда туристік-рекреациялық ресурстар туристік өнім өндірісінің маңызды факторы ретінде әрекет етеді.

Туристік-рекреациялық ресурстар аймақтың туристік-рекреациялық әлеуеттің негізі болып табылады. Туризмнің қарқынды дамуына байланысты соңғы жылдары «туристік-рекреациялық әлеует» термині жиі кездесуде. Туризм мамандарында бұл термин жайлы түсінік қалыптастыру үшін терминнің нақты анықтамасын айқындау қажеттілігі туып отыр. Әр түрлі авторлар өз анықтамаларын ұсынғанмен бұл ұғымның нақты, танымал және жалпы қабылданған кәсіби түсіндірмелері қабылданбаған.

Сонымен, туристік-рекреациялық әлеует – туристерді тартуға және демалыс пен саяхат кезінде олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ туристік-рекреациялық кластерді қалыптастыруға қабілетті туристік-рекреациялық ресурстар мен туристік инфрақұрылым объектілерінің жиынтығы.

Туризмді дамытуға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды бағалаумен толықтырылатын туристік және рекреациялық әлеуетті бағалау маңызды орын алады.

Туристік-рекреациялық әлеуетті бағалау туризм индустриясының сарапшыларының терендетілген сұхбаттары арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, туристік-рекреациялық әлеуетті бағалаудың негізгі факторларының тізбесі жасалды (1-кесте).

1 - кесте

### Туристік-рекреациялық әлеуетті бағалаудың параметрлері

Туристік ресурстар	Институционалды ресурстар	Еңбек ресурстары	Байланысты салалар
-тарихи орындар; -көрікті жерлер; -қасиетті жерлер; -табиғи объектілер; -экологиялық	-көлік коммуникациялары; -қонақ үй индустриясы; -қоғамдық	-маманданған персоналдың болуы; -қызмет көрсету персоналының	-жол инфраструктурасы; -дамыған сауда желісі; -дамыған банк

қауіпсіздік.	тамақтану орындары; -экскурсиялық қызметтер; -емдік-сауықтыру орталықтары; -спорттық орталықтар.	жеткілікті болуы.	секторы; -дамыған тұтынушылық қызмет көрсету жүйесі; -тағам өнеркәсібі.
--------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------	-------------------------------------------------------------------------------

Әр факторды бағалау үшін 1-ден 10-ға дейінгі 10 баллдық шкала пайдаланылады[4].  
Тиісінше:

- «1 балл» - ең төменгі көрсеткіш (фактор бәсекеге қабілетті емес);
- «5 балл және одан төмен» - жақсартуға тиісті үлкен көлемді жұмысбар екенін білдіреді;
- «6 балл» - орташа нәтиже;
- «7 балл» - ортадан жоғары;
- «8-9 балл» - жоғарғы көрсеткіш (бәсекеге қабілетті)
- «10 балл» - ең жоғарғы көрсеткіш (идеалды фактор).

Аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау аумақтық туристік-рекреациялық жүйелердің кеңістіктік және шаруашылық ұйымдастырылуын оңтайландыру және ретке келтіруде, ресурстардың құнын, өзара үйлесімділігін, ресурстармен қамтамасыз етудегі ерекшеліктерді анықтауда, ресурстарды ұтымды пайдалану жолдарын және аумақты теңгерімді дамытуда маңызды орынға ие. Бұл ғылыми бағыттың негізін В.С. Преображенский, А.А. Минц, Ю.А. Веденин, Л.И. Мухина, В.Б. Нефедова, Н.Н. Мирошниченко, Б.Б. Родоман және т.б. қалаған болатын.

Жалпыланған түрде аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрады.:

1. әлеуеті бағаланатын объектіні таңдау. Аймақтық дейгейдегі географиялық зерттеулердің «бағалау объектісі» ретінде көбіне геожүйелер пайдаланылады. Бұл деңгейдің маңызды мәселелерінің бірі болып аумақты зерттеу мақсаты және зерттелетін геожүйе ерекшеліктеріне байланысты жеке операциялық-аумақтық бірліктерге саралау табылады. Операциялық-аумақтық бірліктер географиялық зерттеулердің қарапайым бірліктері ретінде маңызды рөл атқарады. Олардың негізінде геожүйелердің әр түрлілігі зерттеледі;

2. әлеуеті бағаланатын объектіге қатысты субъектіні белгілеу. Әдетте «бағалау субъектісі» ретінде белгілі бір турист-рекреанттар, туристік және рекреациялық қызметті ұйымдастырушылар болады;

3. бағалаудың белгіленген мақсаты негізінде бағаланатын объектінің құнын, маңыздылығын анықтайтын қажетті критерийлерді белгілеу. Іс жүзінде, көп жағдайда критерийлер тізімі шешілетін мәселенің талдауы және зерттеушінің ойлары негізінде белгіленеді;

4. әлеуетті бағалауға қажетті ақпараттарды жинақтау;

5. бағалау критерийлерін бірыңғай жүйеге енгізу. Әдетте, ол үшін бағалау шкалалары, нормалау деңгейлері т.с.с пайдаланылады.

6. аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау көрсеткіштерін жинақтау;

7. тексеру және қажет болған жағдайда бағалау нәтижелерін түзету;

8. аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау кезінде алынған нәтижелерді интерпретациялау [5].

Туристік әлеуетті кешенді бағалаудың жаңартылып отыруы маңызды. Туристердің өтініштерінің өзгеруіне байланысты бағалау үлгісіндегі факторлардың өзгеруі қажет болса да, бұл бағалау аймақтың туристік әлеуетінің заманауи талаптарға көптеген жылдар бойы сәйкес болуын бақылауға мүмкіндік береді. Негізінен бұл бағалау, ең маңызды деген көрсеткіштер бойынша аймақтың туристік әлеуеті қаншалықты деңгейде дамығанын

көрсетеді. Егер болашақта туристердің қажеттіліктерінің өзгеруі нәтижесінде факторлардың жиынтығы өзгертілсе де, әлеуетті бағалау әлі де бұрынғыдай өлшем болып қалады.

Бүгінгі таңда елімізде туризмнің нашар дамуының маңызды себептерінің бірі болып республика көлемінде, міне осы рекреациялық ресурстарды бағалау жұмыстарын жүргізу, болжау, туризм мен демалысты аумақтық ұйымдасстырудың ғылыми тұғырнамасын құру, басқару және ұзақ мерзімді жобалау жұмыстарымен айналысатын арнайы ғылыми мекемелердің аз болуы.

Қазақстан Республикасында туризмнің дамуының қазіргі жағдайына жасалған талдаулар бір жағынан туристік саланың қарқынды дамуы мен қарама-қайшылығы, екінші жағынан туризмнің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және адам өмірінің басқа салаларындағы маңызы біртұтас мемлекеттік туристік саясат жүргізуді қажет ететінін көрсетіп отыр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ешенкулова Г.И., Баймбетова А.Б., Муканов А.Х., Гиззатжанова А.Г., Подсухина О.В. Основы туризмологии. –Астана,2017.-385 б.
2. Электронды ресурс: [[https://economy\\_en\\_ru.academic.ru/49532/potential](https://economy_en_ru.academic.ru/49532/potential)] –Академик – ағылшын - орыс сөздігі.
3. Николаенко Д.В. Рекреациялық география. – Москва, 2001. -278 б.
4. Жолдасбеков, А. А. Туристік-рекреациялық ресурстар туристік-рекреациялық әлеуеттің негізі ретінде. -Эксперименталды білімнің халықаралық журналы. – 2013. – 35 б.
5. Преображенский В.С. Теоретические основы рекреационной географии. – Москва,1983. – 224 б.

УДК 338.41

### **РАЗВИТИЕ ИНДУСТРИИ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ МОДЕРНИЗАЦИИ**

**Смаилов Марлен Жанатович**

*Marlen\_ail@mail.ru*

Студент экономического факультета, кафедры туризм ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана,  
Казахстан

Научный руководитель – Омарова К.А

Основной актуальной проблемой казахстанского туризма является отставание отечественной туристской отрасли от мировых стандартов, которые заключаются в следующем:

низкий профессиональный уровень подготовки персонала;  
дилетантские методы управления и обслуживания, низкое качество сервиса;  
неразвитые системы связи и коммуникаций;  
экологические проблемы.

Не уделено внимание ключевым направлениям и факторам повышения эффективности менеджмента туризма, отсутствует обоснованная модель, методика оценки, практический инструментарий и результаты его деятельности, адаптированные к условиям развития отечественного туристического бизнеса, на которые основывается решение данной исследуемой проблемы.

Вследствие этого устойчивое развитие туризма в республике зависит от решения ряда экономических и социальных проблем, таких, как учет экологического фактора при реализации стратегии экономического развития, совершенствование структуры экономики в пользу развития рынка туристических и услуг. Бережное отношение к природе и окружающей среде является одним из привлекательных элементов туризма и путешествий.